



ХҒТАР 16.01.09  
Ғылыми мақала

А. Амирова<sup>1</sup> , А. Бейсенбай , Ж. Өмірбекова 

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*  
(E-mail: aika210683@mail.ru; beisenbai\_ab@enu.kz; ozhamila@inbox.ru)

### Қазақ паремиологиялық кеңістігіндегі «билік» субконцептісінің семантикалық өрісі

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ паремиологиялық кеңістігіндегі «билік» субконцептісінің семантикалық өрісі талданады. Билік – қоғамдық қатынастарды реттеуші. Сондықтан ол халықтық тәжірибе мен құндылықтарды, халықтық ойлау жүйесін, тұрмыс қағидаттарын, өмір сүру формасын қалыптастыруда да маңызды рөл атқарады. Сол себепті билік тақырыбы қай кезеңде де өзектілігін жоймайды. Осы тұста «билік» ұғымының қазақ танымындағы сипатын паремиологиялық жүйе тұрғысынан сипаттау маңызды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Өйткені паремиологиялық кеңістік те белгілі бір халыққа тән талғам, тәжірибе үлгілерін бойына жинақтайды.

Зерттеу мақсаты – қазақ дәстүрлі қоғамындағы «билікке» қатысты қалыптасқан ұғым-түсініктердің паремиологиялық кеңістіктегі семантикалық өрісін зерделеу. «Билік» субконцептісін құрайтын семантикалық бірліктердің мақал-мәтелдер құрамындағы сипаты және қоғамдық өмірдегі маңызы талданады. Қазақ халқының басқару жүйесін білдіретін тілдік бірліктердің паремиологиялық жүйедегі мәні ашылып, «билік» субконцептісінің семантикалық өрісін құрайтын лексемалар айқындалады. Сондай-ақ зерттеуде қазақ халқының ұжымдық санасында билік туралы ұғымдарды қалыптастыратын тарихи-этнографиялық және әлеуметтік-мәдени контекстке де назар аударылады.

Алынған нәтижелер қазақ паремиологиясы аясындағы «билік» субконцептісіне тән мағыналарды тереңірек түсінуге және түсіндіруге, қазақ халқының мәдени ерекшеліктерінің өзіндік сипатын ашуға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері осы бағыттағы және гуманитарлық сала мамандары үшін қосымша материал болып саналады.

**Түйін сөздер:** Паремиология, концепт, лингвомәдениеттану, билік жүйесі, мақал-мәтел.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-8-17>

Түсті: 16.04.2024; Жөнделді: 03.05.2024; Мақұлданды: 19.06.2024; Онлайн қолжетімді: 29.06.2024

## Кіріспе

Қазақ паремиологиялық жүйесі бірнеше дәуірлі зерттеу кезеңдерін басынан өткізді. Алғашқы түркі халықтарына ортақ мақал-мәтелдердің табиғатына үңілу әрекеті М. Қашқаридан бастау алатыны белгілі. Ал XIX ғасырда қазақ даласында кітап бастыру ісі жанданған тұста мақал-мәтелдер фольклордың кіші жанры ретінде халық аузынан жазылып алынып, хатталып, кітап беттеріне түсіп, тақырыптық топтарға бөлініп, мақал-мәтелдердің тізбесі жасалды. Бұл тұста мақал-мәтелдерді хаттау ісіне ат салысып, оның құрылымы мен семантикасына ғылыми түрде үңілген Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Ә. Диваев, В. Катаринский, Т. Мелиоранский, А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, С. Сейфуллин, М. Ғабдуллин, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібай, Б. Адамбай, Ә. Қайдар, С. Нұрышев, Г. Смағұлова, Б. Хасанұлы, А. Байғұтова, т.б. сынды тілші-әдебиетші ғалымдарды атап өтуге болады.

Тіл білімінде паремиология XIX ғасырда жеке сала ретінде өнімді зерттеле бастады. Жалпы тіл білімінде бұл зерттеу саласының өзіндік ғылыми сипат алуы 1890 жылы Германиядағы Лейпциг университетінде паремиология кафедрасының құрылуымен байланысты. «Паремиа» грек тілінен аударғанда «parοemia» мақал және мәтел деген мағына береді (Шайхуллин&Зарипова). Г. Пермяков «паремиа» сөзіне былайша анықтама береді: «Паремиа – белгілі бір жағдаяттар мен нақтылы заттар мен құбылыстар арасындағы қарым-қатынас» (Евграфова, 2017: 26). Мақал-мәтелдер – ұлттық сана мен болмыстың, талғам мен тәжірибенің, ұлттық танымдағы әлем картасының тілдік көрсеткіші. Қазіргі антропоэкті парадигма шеңберіндегі ғылыми бағыттардың барлығы дерлік мақал-мәтелдерді дәлелді тілдік материал ретінде пайдаланып, мақал-мәтелдердің астарында жасырынған ұлттық танымға қатысты ақпараттардың мәнін ашуға ұмтылады. Сан ғасырлық халықтық тәжірибе мен тұрмыс-салт ерекшелігі, ұлттық мінез, ұлттық таным-түсінік, ұлттық ойлау, пайымдау жүйесі де мақал-мәтелдерден анық көрініс табады. Сондықтан ғылымдар интеграциясындағы лингвистикалық бағыттар мақал-мәтелдердің табиғатына жаңаша зер салуды үрдіске айналдырған. Паремиологиялық бірліктер – халық арасындағы айқын шындықтардың қысқаша дәстүрлі мәлімдемелері. Неғұрлым дұрыс тұжырымдалған паремиалар даналықты, шындықты, адамгершілікті, дәстүрлі көзқарастарды метафора күйінде, тұрақты құрылымдар арқылы сақтайды. Мақал-мәтелдер ұрпақтан-ұрпаққа берілетін қысқа, жалпыға түсінікті сөйлемдер жүйесін құрайды (Mieder, 2008: 35). Паремиа өзінің қысқалығымен, догматикасымен және ескілігімен сипатталатын «құзыретті есте сақталатын функционалды бірліктер» ретінде анықталады (Sevilla, 2011). Глория Корпас паремиаларды мәтіндік автономия құрамындағы мәдени контекстке негізделген, догматикалық хабарламадан құралған, қысқаша мәлімдеме ретінде айқындайды (Cristina, 2019: 160).

Паремиология – мақал-мәтелдерді және олардың тіл мен мәдениетке әсерін зерттейтін лингвистика саласы болса, *паремиологиялық кеңістік* термині белгілі бір тілге, мәдениетке немесе қоғамға тән мақал-мәтелдер мен дәстүрлі өрнектер жиынтығын білдіреді. Яғни паремиологиялық кеңістік дегеніміз – дәстүрлі мінез-құлық нормаларын, құндылықтар мен қоғам тәжірибесін жеткізетін түрлі өрнектерді қамтитын лингвистикалық және мәдени мәнмәтін. Паремиологиялық кеңістік тарихты, өмір салтын, діни нанымдарды және ұлттық мәдениеттің басқа да аспектілерін бейнелейтін бай және алуан түрлі бола алады. Сонымен қатар паремиологиялық қорда әлем туралы таптаурын идеялар мен халықтың әлеуметтік-мәдени тәжірибесін айқындайтын мәдени-прагматикалық сипаттағы маңызды ақпараттар сақталады. Сөйлеу үдерісі кезінде паремиалар дайын түрде жарыққа шығады және коммуникацияның нақты міндеттеріне сәйкес түрлі трансформациялардан өтеді (Мокиенко, 2010: 9). Паремиологиялық кеңістікті лингвистика, этнография, мәдениеттану және әлеуметтану сияқты әртүрлі көзқарастардан талдауға болады. Бұл кеңістікті зерттеу тілдік құрылымдар арқылы берілетін қоғамның мәдени ерекшеліктерін тереңірек түсінуге, сондай-ақ бұл өрнектердің қоғам дамуына қалай бейімделетінін, өзгеретінін зерттеуге мүмкіндік береді.

### Зерттеу материалдары мен әдістері


Мақаланың зерттеу материалы ретінде қазақ тіліндегі «билік» ұғымына қатысты мақал-мәтелдер алынды. Мақал-мәтелдер мазмұнындағы «билік» ұғымының ассоциациялық мағыналары негізінде аталған субконцептіге жан-жақты түсінік беру үшін *лингвистикалық, семантикалық, өрістік талдау, когнитивті, лингвомәдениеттанымдық, этнографиялық* мәнмәтіндегі талдау әдістері қолданылды. Лингвистикалық, семантикалық, концептілік талдау әдістері «билік» ұғымының семантикалық өрісін айқындауға мүмкіндік береді. Ал лингвотанымдық, этнографиялық, мәдени мәнмәтіндегі зерттеу әдістері паремиологиялық кеңістіктегі «билік» тұжырымдамасының лингвомәдени сипатын, тарихи-әлеуметтік мазмұнын анықтауға жағдай жасайды. Аталған зерттеу әдістерінен өзге «билік» ұғымын жеткізуде қолданылатын лексемалар, метафоралар мен тілдік айшықтарды, мақал-мәтелдер құрамындағы лингвистикалық заңдылықтарды, тақырыптық жіктемелерді анықтау мақсатында заманауи лингвистикалық зерттеу бағыттарының басқа да әдіс-тәсілдері басшылыққа алынды.

### Зерттеу нәтижелері және талқылау

Мақал-мәтелдер ауызша дамып, түрленіп, мағынасы кеңейіп не тарылып тілдің актив және пассив қабаттарына өтіп отырады. Өйткені мақал-мәтелдердің бойында тарихи-әлеуметтік оқиғалардың тізбегі, саяси-идеологиялық мән сақталады. Бір кезеңде актив қолданыста болған мақал-мәтелдер екінші бір кезеңде пассив қабатқа өтіп, өзінің өзектілігін жоғалтуы мүмкін. Десе де ұлт тілінде пайда болған мақал-мәтелдердің толық тізбесі сол ұлттың әлем туралы көзқарасын, талғамын қалыптастырады және әр дәуір мен ғасырдағы қоғамдық қатынастырдың сипатын айқындауға мүмкіндік береді. Қазақ этнолингвистикасының атасы Ө. Қайдар: «Мақал-мәтелдер өмір шындығын, халықтың тұрмыс-салты мен тіршілігін, мінез-құлқын, қоғамдық дамуын тайға таңба басқандай дәл әрі шебер, әрі мәнді де құнды бейнелеуімен ерекшеленеді» деген пікір айтады (Қайдар, 2013: 396). Ал мақал-мәтелдердің тілдің бөлшегі ретіндегі сипатын талдай келіп Б. Динаева: «Ұлттық ойлау тілмен байланысты. Тілсіз ұлттық ойлау жоқ. Ұлттық ойлаудың басты ерекшелігі – оның тілінде. Себебі тіл арқылы ұлт өзінің менталды болмысын, өмір тіршілігін, дүниетанымын бейнелейді. Ұлттық тіл неғұрлым бай болса, дүниені бейнелеу соғұрлым нәрлі, әсерлі болып келеді» деген пікір білдіреді (Динаева, 2013: 40). Демек ұлт тілінде мақал-мәтелдер неғұрлым көп болып, көркемдік мәні жоғары болса, сол ұлттың әлем туралы көзқарасы соғұрлым қанық әрі көркем болады. Ж.И. Исаева мақал-мәтелдерді халық өміріндегі дүние бейнесін тілдік жүйедегі моделдеуші, қалыптастырушы, жеткізуші фактор болатындығын алға тартады (Исаева, 2007: 22). Бұл пікірлер мақал-мәтелдердің тілдегі халықтың ойлау жүйесін таңбалаушы, кодтаушы екендігін айшықтайды.

Қоғам өмірінде биліктің, басқару жүйесінің маңызы жоғары. Өйткені билік қоғамдық қатынастарды реттеуші, қоғамдық өмірді үйлестіруші, идеология түзуші, халықтың экономикалық-әлеуметтік әлеуетін тұрақтандырушы қызметін атқарады. Билік ұғымының қазақ паремиологиялық кеңістігіндегі сипатына, семантикалық өрісіне талдау жасамас бұрын «билік» сөзінің түрлі сөздіктердегі мағынасына үңіліп көрейік. «Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық» сөздігінде билік сөзіне былайша анықтама берілген: «Билердің даугерлерге айтқан кесімі, төрелігі, үкімі» (Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі, 1997: 85). «Қазақ әдеби тілінің» сөздігінде «билік» ұғымының үш түрлі түсіндірмесі берілген: «зат.1. Басқарушылық, басшылық, әкімшілік. 2. қоғ.-саяси. Үкімет, мемлекетті басқару органы. 3. ауыс. Мансап» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011: 78). «Азаматтық құқықтық пәндер бойынша терминологиялық» сөздігінде «билік» мәнін былайша айқындайды: «Жекелеген тұлғалардың (билік етушілердің) еркі мен іс-әрекеті басқа тұлғалардың (бағынушылардың) еркі мен іс-әрекетінен басым тұратын, үстемдік ету мен бағыныштылық қатынастары» (Азаматтық құқықтық пәндер бойынша терминологиялық сөздік, 2013: 34). «Әлеуметтанудың түсіндірме» сөздігінде «билік» ұғымын жан-жақты тарқатып көрсетеді: «Адамның, топтың, әртүрлі таптардың іс-

әрекеттеріне шешуші әсер ететін, идеология ықпалының негізінде және ұйымдастырушы құқықтар арқылы жүзеге асатын механизм. Билік бедел салт-дәстүр немесе зорлық-зомбылық көрсету арқылы да жүзеге асады. Билік мәнін басшылық, үстемдік пен бағыныштылық қатынастары айқындайды. Билік жүйесі көп сатылы бағыныштылыққа, иерархияға негізделген. Батыс зерттеушілері жеке адамның, топтың, ұйымның, партияның, мемлекеттің әртүрлі әдістерімен басқаларға өз еркін мойындата және орындата алу қасиеттерін түсіндіру мақсатында ондаған тұжырымдамаларды қалыптастырды. Мысалы, 1) бихевиористік түсінік бойынша, билік ерекше тәртіптің түрі ретінде басқа адамдардың тәртібін өзгерте алады; 2) іс-әрекет ілімі мен құрылымдылық функционалдық талдау мектебінің өкілдері билікті басшы мен бағынышты адамдар арасындағы айрықша қарым-қатынас ретінде айқын мақсаттарға жетудің бірден-бір жолы деп түсінеді; 3) инструменталистік бағыттағылар: билік – белгілі бір әдістерді, соның ішінде зорлық-зомбылықты қолдану мүмкіндігі, қарама-қайшылықтарды шешудің бірден-бір жолы деп есептейді; 4) феноменология бағыты билікті басқаларға ықпал ету деп санайды» (Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі, 2007: 112). «Билік» субконцептісінің сөздіктердегі мағынасына сәйкес ассоциациясын былайша көрсете аламыз:



1-сурет. «Билік» субконцептісінің семантикалық өрісі

Жоғарыдағы ассоциациялық тізбекте көрсетілгендей, қазақ дәстүрлі-әлеуметтік, құқықтық жүйесінде «билік» ұғымы «үкім», «мансап», «басқару», «үстемдік ету», «реттеуші», «үкімет», «мемлекеттік басқару», «ұйымдастырушы» мағыналарын білдіреді. Бұл дегеніміз, «билік» қоғамдық құрылыстағы басқару жүйесін түзуші, үстем тап, төрелік, үкім шығару құқығы бар, мемлекеттік жүйедегі жоғарғы саты дегенді білдіреді. Сонымен қатар билік сөзі мансап, лауазым, басқарушылық мағынасын да танытады. Яғни билік тек мемлекеттік басқару жүйесіне ғана емес, кез келген мансапқа байланысты басқару элементтері бар иерархияға да қатысты деп айта аламыз. Енді билік ұғымының қазақ паремиологиялық кеңістігіндегі сипатына тоқталсақ,

Қазақ паремиологиялық кеңістігіндегі «билік-мансап» семантикалық өрісі. Қазақ паремиологиялық кеңістігінде билік ұғымының мансап мағынасын танытатын тілдік бірліктер мен паремиялар қоры біршама. «Мансап» семантикасын білдіретін мақал-мәтелдердің құрамында «байлық», «би», «мал», «дәулет», т.б. билік ұғымын білдіретін лексемалар жиі қолданылады. Билікке қатысты мақал-мәтелдерде «байлық» сөзі салыстырмалы компонент ретінде жиі қолданылады. Мысалы, *Кімнің малы көп болса, Соған билік оралар*. Бұл паремиядағы «мал» сөзі «байлық» ұғымын білдіріп, байлық-билік тізбегін жасайды. Аталған мақалдан қазақ дәстүрлі жүйесінде билік «малы көп», «байлығы бар» адамның қолында деген таптаурынды көруге болады. Бұл шынайы болмысты танытатын, өзектілігін жоймаған паремия деуімізге болады. Яғни белгілі бір деңгейде билік ету үшін, басқару үшін де байлықтың болуы шарт дегенге саяды. Бұл мағынада қазақ тілінде *«Іс бітсе, дәулет кешікпейді, Дәулетсіз билік жараспас»* деген мақал кездеседі. Демек қоғамдық қатынастарда дәулетті, бай, малы көп, күші бар тұлғалар билікке де ие болады дегенді білдіреді. Билік ету қызметі қолына тиген адамдардың міндетті түрде материалдық мүмкіндігі жоғары болуы керек деген талап ғасырлар бойғы қалыптасқан қағидатты нақтылай түседі.

Билік ету үшін қойылатын шартпен қатар, қазақ паремиологиялық кеңістігінде билік сипатының қандай болмағы да айқын көрсетілген. Мысалы, *Байлықтың не керегі, қайыры болмаса, Биліктің не керегі, әділдігі болмаса*. Бұл мақалдан «байлықтың қайыры, біреуге пайдасы болуы керек. Ал биліктің әділ болуы қажет» деген қағидатты байқаймыз. Яғни байлық пен билік қатарластыра сипаттала отырып, «пайдалы», «адал» болу қағидаттарын алға тартады. Демек қазақ паремиологиялық кеңістігіндегі ақпараттар негізінде «байлық билікке алып келеді, ал билік әділ болуы шарт» деген тұжырым келтіруге болады. Басқаша айтсақ, қайырлы байлықтан әділ билік туындайды деуге негіз бар. *«Тура биде туған жоқ, Туғанды биде иман жоқ»* деген мақал да биліктің әділ болуына, үкімнің тура болуына көздейді. Қазақ мақал-мәтелдерінде билік жоғарғы құзыретті мекемелердің қолындағы мансап қана емес, ел арасындағы төрелік ететін би-шешендерге де тән басқару, үкім беру қызметі болып саналады. Мәселен, *Би болудан, билік айту қиын*. Мұндағы мақалда би атанудың еш қиындығы жоқ екендігі, қиындықтың көп бөлігі үкім айтып, төрелік ету үдерісінде екендігі айтылған. Яғни мансапқа жету кез келгеннің қолынан келеді. Билік ету, басқару, үкім шығару әр адамға беріле бермейтін қабілет дегенге меңзейді. *Өз айыбын білген кісі, Билік берерге жарайды*. Бұл мақалда да биліктегі басқаратын, үкім шығаратын адамның өзгенің ғана емес, өзінің де қателігін білетін адам болуы шарт екендігі қозғалады. Сонымен, қазақ паремиологиялық кеңістігіндегі «билік-мансап» субконцептісі басқару, төрелік ету, үкім шығару құзыретін айқындайды. Биліктің толыққанды жүзеге асуы үшін байлықтың болуы керек екендігі және ол байлықтың қайырлы болуы қажеттігі, ал биліктің әділ, бидің адал болуы шарт екендігі айшықталады. «Билік-мансап» семантикалық өрісін *байлық, мал, дәулет, әділдік, адалдық, туралық, би*, т.б. лексемалары құрайды.

Қазақ паремиологиялық кеңістігіндегі «билік-басшы» семантикалық өрісі. Билік басқару, үкім шығару, басшылық ету мағыналарын білдіре отырып, семантикалық өрісінде «ел басқарушы», «басқарушы», «басшы» лексемаларын түзеді. Қазақ паремиологиялық кеңістігіндегі биліктің «басшы» мәніндегі семантикалық сипаты ел басқарушының кім болатындығын, қандай болуы қажет екендігін, басшының қоғам өміріндегі маңызын айқындап көрсетеді. Мақал-мәтел ғасырлар бойғы халықтың таным үлгісін, тұрмыстық, қоғамдық, мемлекеттік жүйе сипатын, дәстүрлі өмір көрінісін, халықтық мінез бен талғамын білдіре отырып, мазмұндық және тілдік форма арқылы кодтап отырады. Сол себепті мақал-мәтел құрамындағы сөздердің мәнін ашу барысында әр дәуірдегі халықтық ойлау жүйесі туралы ақпарат жарыққа шығып отырады. Мәселен, *«Ақылды басшың болса, елдің алды боларсың, Ақылсыз басшың болса, елдің азы боларсың»* деген мақалда ел басқарушының қоғам өміріндегі маңызы, басшы бейнесі анық сипатталады. Мұндағы ой елдің дамуы басшының ақылына байланысты дегенге меңзейді. Осы мазмұндағы тағы бір

мақалға талдау жасап көрсек. *Жақсы жолдас досын сақтар, Жақсы басшы елін мақтар*. Бұл паремиядағы халық ойы «елін ойлайтын, халқын бағалайтын, жақсы басшы еліне жақын болады» дегенге саяды. *Басшылар құлқынын ойласа, Басқалардың құлқыны бұзылар*. Сонда қазақ паремиологиялық ойлау жүйесіне сәйкес ел басқаратын адам өзгелерден ақылы да, білігі де, білімі де, әділдігі де жоғары болуы керек. Қолында билігі бар басшы өзінің құлқынын, өзінің бас пайдасын ойламауы қажет, халықтың қамы бірінші орында тұруы абзал деген тұжырымдар ұсынады. *Ел басқарар жігіттің етек-жеңі кең болар*. Бұл мақалда да ел басшының қандай болмақ сипаты аңғарылады. «Етек-жеңі кең болар» сипаты басшының бойындағы ірілікті, даралықты байқатады. Демек ел басқару билігі кез келген адамға беріле бермейді. Мұндай адамның бойында болу керек қасиеттер мақал-мәтелдер құрамында сақталған. Қазақ танымында ел басқаратын басшы мен ел қорғайтын батыр маңызды рөл атқарады. Сондықтан да халық «*Мың қосшыдан – бір басшы*» деген. Іс пен сөзді қостайтын, айтаққа еретін орындаушыдан гөрі басшының орнын асқақта көрсетеді. Сол себепті қосшыдан басшы артық түсінігі сақталған. Енді бір мақалда: «*Басшысыз ауылдың баласы – бассыз*» деген ой айтылады. Мұнда да басшы «елдің басы» есебінде көрініс табады. Яғни елдің барлық қоғамдық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, ағартушылық, мәдени, рухани бағытының айқындалуы мен дамуы ел басшысының дұрыс жүргізген билігіне байланысты.

Сонымен, «басшы» лексемасы паремиологиялық жүйеде «ел» сөзімен қатарласа қолданылады. Ел және басшы байланыстағы, бірі басқарушы, бірі бағынушы сипатындағы ұғымдар ретінде көрінеді. Ел басшысы қоғамдық өмірдің барлық саласын қадағалап, басқарумен айналысса, халық басшының билігін қолдап, бұйрығын орындап, соңынан еретін қосшы рөлінде сипатталады. Сондықтан қандай да бір ел, халық басшысыз болмайды, ал басшыға бағынбаған ел оңбайды деген түсінік қалыптасқан. Сол себепті ел билеуші ақылды, парасатты, елжанды болуы құпталады. Сонда қоғам дамиды, мемлекет гүлденеді деген түсініктер паремиологиялық кеңістіктің өзегіне айналған.

Қазақ паремиологиялық жүйесінде «билік-басшы» субконцептісін «патша» лексемасы да білдіреді. Мұндай мақал-мәтелдерде патшаның қандай болуы қажеттігі, патша мен елдің арасындағы қарым-қатынас сипаты тұжырымдалады. Мысалы, *Әділ патша гүлстанға ұқсайды, Залым патша зымыстанға ұқсайды*. Бұл мақалда патшаның бойына тән қасиет әділдік турасында ой қозғалады. Өйткені патша әділ болғанда ғана елдің ертеңі жарқын болады деген дәстүрлі түсінік бар. Осы паремияда қолданылған «гүлстан», «зымыстан» сөздеріне түсінік беріп өтсек. «Гүлстан (пар.) – гүлденген жер, аймақ, ел» деген мағынаны білдіреді (Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі, 1997: 109). Ал «зымыстан» сөзі қазақ тіліне араб тілінен енген «адам төзгісіз, қатты, қыс, аяз, қорлық» мағыналарын білдіреді (Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі, 1997: 158). Демек бұл паремияның мәнін тарқатар болсақ: «Әділ патша елін гүлдей жайнатады, ал залым патша халық өмірін адам төзгісіз азапқа салады» деген халықтық таным-түсінік аңғарылады. Жалпы, қазақ мақал-мәтелдерінде жақсы мен жаман бинарлы оппозицияларын салыстыра сипаттау, сол арқылы бірін-бірінен айырмашылығын, артықшылығын нақтылай дәлелдей түсу құбылысы бар. Бұл мақалда да осы құбылыс байқалады. Осы мазмұнда ел арасында мына мақал да кең тараған: *Патша залым болса, жұрт тозады, Патша галым болса, жұрт озады*. Бұл паремиядағы негізгі ой алдыңғы мақалмен сәйкес келеді. Яғни халықтың жағдайының жақсы болмағы патшаға тікелей байланысты дегенді танытады. «Балық басынан шіриді» деген паремия да аталған ойды қуаттай түседі. Мұнда ел басқарушы, патша лексемалары қолданылмаса да, мысал есебінде келтіре отырып, билік жүйесіне меңзейтін астарлы ой жатыр. Қазіргі қоғамда бұл мәтел өте белсенді қолданыста.

«Билік» субконцептісінің «басшы» мағынасын білдіретін семантикалық өрісін «хан» сөзі толықтырады. Қазақ халқы тарихи жүйесінде хандық қоғамда өмір сүргендіктен, тілімізде хан мен қарашаға байланысты мақалдар қоры жетіп артылады. Өйткені ел билеушінің лауазымы «хан» мәртебесімен белгіленген болатын. Тіл қоғамдық қатынастар мен тарихи кезеңдер сипатын кодтаушы болғандықтан, тілдегі мақал-мәтелдер құрамында

өткен дәуірге байланысты маңызды ақпараттар сақталып қалады. Сол секілді «хан» ел басқарушы лауазымына байланысты мақал-мәтелдер де тілімізде түзіле отырып, паремиологиялық жүйедегі басқарушы бейнесінің қалыптасуына ықпал етеді. Қазақ тілінде ханның негізгі қызметі мен бойында болуы керек қасиеттері туралы, міндеттері жайында, хан мен қарашаның байланысы турасында, ханның бейнесі жайлы мақал-мәтелдер саны өте көп. Солардың ішінде әлі күнге дейін қолданыстағы, семантикалық мәні ескірмегендеріне тоқталып өтсек. Ханға тән сипаттар туралы: «Қайырымсыз болса, **ханнан** без, Өткелсіз болса, судан без», «**Хан** екі айтса, қара болады, Қара екі айтса, қатын болады», «**Ханда** қырық кісінің ақылы бар», «Үлгісізден би қойсаң, өсиеті болмайды, Қайырсыздан **хан** қойсаң, қасиеті болмайды», т.б. мақал-мәтелдерде айтылған. Бұл паремиялардағы халықтық ой: Ханның қайырымды, бір сөзді, ақылды, қасиетті болуы қажеттігі. Ханды қарашадан ерекшелеп тұратыны қасиеттері – ақыл-парасатының биіктігі, көрегендігі, талғампаздығы, болашаққа бағдар жасай алатындығы, ұстамдылығы, қайырымдылығы. «Хан» лексемасы қолданылған мақал-мәтелдер құрамында салыстырмалы сипатта «қараша» сөзі қолданылады. Мәселен, ел басқарушы, басшы сөздерімен бірге халық, ел лексемалары жұмсалатын болса, «хан» лауазымдық атауымен қатарластыра қараша сөзінің қолданысының жиілігін байқаймыз. «**Хан** қарашасыз болмас, дау арашасыз болмас», «**Хан** – шаңырақ, Халық – уық», «**Ханды** Құдай ұрайын десе, қарашысымен қас болар, Байды Құдай ұрайын десе, дәулетіне мас болар» деген мақал-мәтелдерде хан мен қарашаның байланысы, қарым-қатынасы сөз етіледі. Демек хан қарашасымен биік, хан халқымен асқақ бола алады дегенді білдіреді. Хандың «шаңырақ» есебінде алып, уықты, яғни халықты біріктіруші сипатында көрсетеді. Ханы мен қарашасының бағыты бір, мақсаты бір, жолы бір болуы, бірлікте болуы маңызды дегендігін тұжырымдайды. Сол себепті де «Патша Тәңірден» деген сенімге сәйкес: «Егер Ханды Жаратушы адастырайын десе, халқымен араз ететіндігін» айтады. Яғни халқымен тату, елімен ынтымақтағы ханның билігі толық, құзыреті жоғары болады. Бұл идея хандық дәуірден қалған. Ал ханның қызметі мен оның елге деген қатынасы «Қайғың болса, **ханға** бар, Қарның ашса, байға бар», «Халық ұйғарса, **Хан** түйесін сояр» деген мақалдарда анық көрінеді. Бұл ой тұжырымдарынан түйіндейтініміз – хан елдегі барлық мәселелерді шешуге тиісті, халықтың қалауы мен ұйғарымы ханның шешіміне әсер ете алады.

Сонымен, қазақ паремиологиялық жүйесіндегі «билік-басшы» субконцептісі «басшы», «басқарушы», «ел басшысы», «патша», «хан» лексемалары арқылы жасалып, қазақ дәстүрлі танымындағы билік басындағы тұлға бейнесінің сипатын айқындайды. Мұнда ел басқаратын тұлғаға тән қасиеттер, билік басындағылар мен халық арасындағы қарым-қатынас сипаты тұжырымдалады. Мақал-мәтелдердің бойында ғасырлар бойғы ақпараттардың тұжырымдалған үлгісі сақталады, сол себепті паремиялардағы «билік-басшы» субконцептісінен қазақ танымындағы «басшының» жиынтық бейнесі құрамдалады.

### Қорытынды

Қазақ тілінде паремиологиялық кеңістіктер мөлшері өте көп. Бұл тіл байлығының молдығымен қатар ақпараттар қорының толыққанды екендігін танытады. Халық танымында ғасырлар бойы қазықталған ақпараттар бір жүйеде тоғысып, тілдік кодтар арқылы паремиялар құрамына еніп отырады. Осындай паремиологиялық кеңістікте «билік» рөлінің алатын орны ерекше. Өйткені билік қоғамдық өмірді ұйымдастырып, халықтың әр саладағы қарым-қатынасы мен байланысын реттеуші болып саналады. Қазақ қоғамы тарихи дәуірде тайпалық, рулық, хандық, патшалық, кеңестік, президенттік басқару жүйелерін басынан өткерді. Әр жүйеден тілдік бірліктер ретінде паремиялар сақталып, танымға еніп отырды. Сондықтан «билік» субконцептісінің сипатын тану арқылы халықтың таным-түсінігі мен талғамын анық аңғара аламыз. Қорыта келе, паремияларға талдау жүргізу нәтижесінде төмендегідей тұжырымдар жасадық:

- қазақ тіліндегі «билік» субконцептісін «мансап», «басқарушы» мағыналарына ажырайды;

- «мансап», «басқарушы» мағыналарын паремия құрамында кездесетін арнайы лексемалар белгілейді;
- паремиологиялық кеңістіктегі «билік» субконцептісі халықтық өмір мен қоғамдық қатынастарды реттеуге қатысатын жоғарғы күш болып саналады;
- «би», «мал», «дәулет», «басшы», «ел», «халық», «патша», «хан», т.б. сынды лексемалар «билік» субконцептісінің семантикалық өрісін құрайды;
- қазақ паремиологиялық жүйесіндегі билікке тән қасиеттер: адалдық, әділдік, қайырымдылық, парасаттылық, бір сөзділік, көрегендік, биіктік, т.б.
- билік пен халық – бір-бірімен байланысқан, тағдырлары тоғысқан бинарлы ұғымдар.

### Әдебиеттер тізімі

1. Шайхуллин Т, Зарипова А. Актуальные вопросы паремиологии в русском языкознании. [Электронды ресурс] URL: [https://cyberleninka.ru/article/n/aktualnye-voprosy-paremiologii-v-russkom-yazykoznanii/viewer/ (қаралған күні 17.01.2024)]
2. Евграфова Ю. Структура и семантика паремий русского и английского языков, содержащих социальные стереотипы о мужчине (на примере внешности) // Вестник Московского государственного областного университета. – 2017. - №2. – С. 16-23 с.
3. Mieder W. Proverbs speak louder than words // Folk wisdom in art, culture, folklore, history, literature and mass media. - 2008. – P. 34-42
4. Sevilla M. La tecnica hiperonímica en la traducción de refranes y frases proverbiales. [Электронды ресурс] - URL: [www.cvc.cervantes.es/trujaman/](http://www.cvc.cervantes.es/trujaman/) (қаралған күні 20.01.2024)
5. Ctistina I. The Translation Process of Spanish Paremia into English: a Comparison of the Current Tools and Methodological Approach // Paremia, - 2019, - P. 159-168
6. Мокиенко В. Современная паремиология (лингвистические аспекты) // Мир русского слова, - 2010. - №6. – С. 7-14
7. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. – Алматы: Сардар, 2013. – 608 б.
8. Динаева Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық-прагматикалық аспектісі. – Астана, 2013. – 160 б.
9. Исаева Ж. Дүниенің паремиологиялық бейнесі / Фил.ғыл.канд.дисс.афтореф. – Алматы, 2007. – 25 б.
10. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1997.- 368 б.
11. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том. / Құраст.: Б. Сүйеркүлова, Т.Жанұзақ, О.Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011. - 744 б.
12. Азаматтық құқықтық пәндер бойынша терминологиялық сөздік / Г.А. Жаналинов, Ш.А. Алиев. - Қарағанды, 2013. -193 б.
13. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 2007. - 344 б.

**А. Амирова\*, А. Бейсенбай, Ж. Омирбекова**

*Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

### Семантическое поле субконцепта «власть» в казахском паремиологическом пространстве

**Аннотация.** В статье анализируется семантическое поле подсознания «власть» в казахском паремиологическом пространстве. Власть – регулятор общественных отношений. Поэтому он также играет важную роль в формировании народного опыта и ценностей, народного мышления, принципов быта, формы жизни. Поэтому тема власти не теряет своей актуальности ни на каком этапе. При этом описание характера понятия «власть» в казахском познании с точки зрения паремиологической системы позволяет достичь значимых результатов, потому что паремиологическое пространство также накапливает образцы вкуса, опыта, характерные для данного народа.



Цель исследования – изучение семантического поля паремиологического пространства сложившихся понятий, относящихся к «власти» в казахском традиционном обществе. Анализируется характер смысловых единиц, составляющих подсознание «власти», в составе пословиц и поговорок и их значение в общественной жизни. Раскрывается сущность языковых единиц, представляющих систему управления казахского народа в паремиологической системе, определяются лексемы, образующие семантическое поле подсознания «власть». Также в исследовании уделяется внимание историко-этнографическому и социокультурному контексту, формирующему представления о власти в коллективном сознании казахского народа.

Полученные результаты позволяют глубже понять и объяснить значения, характерные для подсознания «власть» в рамках казахской паремиологии, раскрыть своеобразие культурных особенностей казахского народа. Результаты исследования являются дополнительным материалом для специалистов данного направления и гуманитарной сферы.

**Ключевые слова:** паремиология, концепт, лингвокультурология, система власти, пословица и поговорка.

A. Amirova\*, A. Beisenbay, Zh. Omirbekova

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

### Semantic field of the subconcept «power» in the Kazakh paremiological space

**Abstract.** The article analyzes the semantic field of the subconcept «power» in the Kazakh paremiological space. Power is the regulator of Public Relations. Therefore, it also plays an important role in the formation of folk experience and values, the system of folk thinking, the principles of life, and the form of life. Consequently, the topic of power does not lose its relevance at any stage. At the same time, the description of the nature of the concept of «power» in Kazakh knowledge from the point of view of the paremiological system allows us to achieve important results. After all, the paremiological space also accumulates patterns of tastes and experiences inherent in a particular population.

The purpose of the study is to examine the semantic field in the paremiological space of existing concepts and notions related to «power» in traditional Kazakh society. The nature of the semantic units that make up the subcept «power» in the composition of Proverbs and sayings and their significance in public life are analyzed. The essence of the language units representing the system of government of the Kazakh people in the paremiological system is revealed, and the lexemes that make up the semantic field of the «power» subconcept are identified. The study also focuses on the historical, ethnographic and socio-cultural context that forms the concepts of power in the collective consciousness of the Kazakh people.

The results obtained make it possible to more deeply understand and explain the meanings inherent in the subcept «power» in the framework of Kazakh paremiology, to reveal the specific nature of the cultural characteristics of the Kazakh people. The findings of the study are considered additional material for specialists in this direction and in the humanitarian field.

**Keywords:** Paremiology, concept, linguoculturology, power system, proverbs and sayings.

### References

1. Shaikhullin T. Zaripova A. Aktual'nye voprosy paremiologii v russkom yazykoznanii [Current issues of paremiology in Russian language] [Electronic resource] - Available at: [https://cyberleninka.ru/article/n/aktualnye-voprosy-paremiologii-v-russkom-yazykoznanii/viewer/ (accessed 17.01.2024)]. [in Russian]
2. Evgrafova Yu. Struktura i semantika paremij russkogo i anglijskogo yazykov, sodержashchih social'nye stereotipy o muzhchine (na primere vneshnosti), [Structure and semantics of the Russian and English languages, corresponding social stereotypes of the man (on the example of foreign)], Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo oblastnogo universiteta [Bulletin of the Moscow State Regional University], №2, 16-23 (2017). [in Russian]
3. Mieder W. Proverbs speak louder than words // Folk wisdom in art, culture, folklore, history, literature and mass media, 34-42 (2008).
4. Sevilla M. La tecnica hiperonímica en la traducción de refranes y frases proverbiales. [Electronic resource] - Available at: www.cvc.cervantes.es/trujaman / (accessed 20.01.2024)

5. Ctistina I. The Translation Process of Spanish Paremia into English: a Comparison of the Current Tools and Methodological Approach, Paremia, 159-168 (2019).
6. Mokienko V. Sovremennaya paremiologiya (lingvisticheskie aspekty) [Modern paremiology (linguistic aspects)], Mir russkogo slova [World Russian language], №6, 7-14 (2010).
7. Kaidar A. Kazaktar ana tili aleminde: etnolingvistikalyk sozdik [Kazakhs in the world of their native language: an ethnolinguistic dictionary] («Sardar», Almaty, 2013б 608 p.). [in Kazakh]
8. Dinaeva B. Kazak tilindegi makal-matelderdi tanymdyk-pragmatikalyk aspektisi [Cognitive and pragmatic aspect of Proverbs and sayings in the Kazakh language] (Astana, 2013, 160 p.). [in Kazakh]
9. Isaeva Zh. Dunienin paremiologiyalyk beinesi [Paremiological picture of the world] / Phil.science. Kand.diss.aftoref. – (Almaty, 2007, 25 p.). [in Kazakh]
10. Kazak dasturli madenietinin enciklopediyalyk soz [Encyclopedic Dictionary of Kazakh traditional culture] («Dictionary-Dictionary», Almaty, 1997, 68 p.). [in Kazakh]
11. Kazak adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Volume 3. / Comp.: B. Suyerkulova, T. Zhanuzak, O. Zhubaeva and others (Almaty, 2011, 744 p.). [in Kazakh]
12. Azamattyk kukykytk pander boiynsha terminologiyalyk sozdik [Terminological Dictionary of civil legal disciplines] / G. A. Zhanalinov, Sh.A. Aliyev (Karaganda, 2013, 193 p.). [in Kazakh]
13. Aleumattanudyn tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of Sociology] («Dictionary-Dictionary», Almaty, 2007, 344 p.). [in Kazakh]

### Авторлар туралы мәлімет:

**Амирова А.** – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Бейсенбай А.** – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Өмірбекова Ж.** – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Амирова А.** – PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Бейсенбай А.** – кандидат филологических наук, доцент, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Омирбекова Ж.** – кандидат филологических наук, доцент, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Amirova A.** – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Beisenbay A.** – Candidate of Philological sciences, Docent, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Omirkbekova Zh.** – Candidate of Philological sciences, Docent, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).